



**АСТАНА АКШАМЫ**

## АСТАНА – ӘЛЕМДІК ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Әлемнің 50 елінен 400-ден астам делегатты Астанаға жинаған XIII Еуразиялық медиа форумның салтанатты ашылуында ҚР Премьер-министрің орынбасары, ЕАМФ ұйымдастыру комитетінің төрайымы Дағыра Назарбаева Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың құттықтауын оқып берді.



### ЖЕТЕКШІ ҮНҚАТЫСУ ФОРУМЫ

«Еуразиялық медиа форум қатысушыларын Қазақстан әрдайым құшақ жая қарсы алады. Форум әлемнің жетекші үнқатысу аландарының біріне айналды. Онда қазіргі заманның ең өзекті мәселелері талқыланады. Дамудың жаңа парадигмалары қалыптасып, болашақтың сұлбасы жасалады. Бүгінгі таңда әлем барша адамзатқа тендессіз сын-қатерлер төндірген жаңа дәуірге аяқ басты. Жаңа әлемнің, бәріміздің ортақ болашағымыздың қандай болатыны біздің әрқайсымызға байланысты. Мен «Әлем. XXI ғасыр» атты манифесті ұсындым. Оның мақсаты – Жер бетінде соғыс атаулыны тұп-тамырымен жою. Бұл ғасыр ортақ ерік-жігер арқылы парасат пен жасампаздық сындарлы диалог салтанат құратын дәуір болуы тиіс. Сол себепті, Еуразиялық медиа форумның алаңында қордаланған әлемдік проблемаларды ашық талқылап, теңгерімді шешімдер іздестіру бейбітшілік жолындағы жалпыәлемдік қозғалысқа қосылар баға жетпес үлес. Форум жұмысының нәтижесі, сіздердің жаңа идеяларының бен бастамаларының дүниежүзілік коммуникацияның жаһандық үнқатысуды дамытуға зор серпін береріне сенімдімін. Форумның барша қатысушыларына жемісті жұмыс пен бар жақсылықты тілеймін» делінген Елбасы құттықтауында.



## ЕЛОРДАНЫҢ ЖАҢА ЖАУҺАРЫ

Осының алдындағы XII Еуразиялық медиа форум елордада осыдан екі жыл бұрын өткен еді. Содан бері де Қазақстан астанасының ажары ашыла түсті. Форум қонақтарының назарын осыған аударған Дариға Назарбаева «Астана тәуелсіз Қазақстан жаңаруының символына айналды. Ол – барлық қазақстандықтардың маңдайға басар мақтанышы. Қала қазір халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесін қабылдауға қызу дайындық үстінде. Алып құрылыш кешенінде қандай ауқымды жұмыстар жүріп жатқанын өздеріңіз арапап көресіздер. Бұйырса, бұл қалашық ару Астананың жаңа жауһары болғалы түр» деп, көгілдір көктем күндері Астанаға келген қадамдарына сәттілік тіледі.

## ҒАЛАМДЫҚ ТҮЙТКІЛДЕР ТАҚЫРЫБЫ

Төрткүл дүниені аландастып отырған мәселелер талқыланған жаһандық жынында шартарапқа аты әйгілі саясаткерлер, ғалымдар, сарапшылар, қоғам қайраткерлері мен білікті журналистер мен экономистер қатысты. Олардың арасында болған Ауғанстанның бұрынғы президенті Хамид Карзай Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың халықаралық аренадағы бітімгерлік рөліне жоғары баға берді.

Ғаламдық экономикалық дағдарыс, мұнай бағасының құлдырауы, дүниежүзін дүрліктірген қантөгісті оқиғалар және өзге де күрделі тақырыптар «Әлемдік экономиканың бүгіні мен ертеңі» тақырыбына арналған мәжілісте ортаға салынды. Онда американалық продюсер Риз Хан, CNN телеарнасының жүргізушісі Элени Гиокос, Ресей Федерациясы экономикалық саясат комитетінің мүшесі Дмитрий Мезенцев, Ұлыбританияның бұрынғы сыртқы істер министрі Джек Стро аталған

мәселелерге өз көзқарастарын білдірді. Олардан кейін сөз алған «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қайрат Келімбетов Қазақстанның шикізатқа негізделген модельден экономиканы әртараптандыруға көшуге мүмкіндік туатынына үміт артатынын айттып, ел экономикасының еңсесін тіктеуге қатысты ұсыныстарымен бөлісті. Таяу Шығыстағы жағдай да біраз әңгіменің өзегіне айналды. Қазақстан тарапынан онда Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Стратегиялық зерттеулер институтының директоры Ерлан Қарин сөз сөйлеп, ұлтаралық қақтығыстардың туу себептері мен оны тоқтату жолдарына баса назар аударды.

Қазіргі курделі кезенде мұнай елдері жаңа имидж қалыптастыруы тиіс. Бұл тұрғыда Ұлыбританиядан келген саяси мәселелер жөніндегі кеңесші Саймон Анхольт 2017 жылы ЭКСПО халықаралық көрмесін өткізетін Қазақстан имиджін нығайтуға мол мүмкіндік алғып отырғанын айтты. Саймон мырза Қазақстанға ЭКСПО-ны өткізу барысында бүкіл әлемнің назарын аса маңызды мәселеге аударып, сол бағытта нәтижелі жұмыс жүргізетіне сенім білдірді. Сондай-ақ, Қазақстан ядролық қарудан бас тартып, бейбітсүйгіш ел ретінде өз имиджін қалыптастыруда екенін, бұған күні кешегі Нұрсұлтан Назарбаевтың АҚШ-та жариялаған манифесінің де рөлі ерекше болғанын атап өтті.

## **БАҚТЫҢ БЕЙБІТ РӨЛІ**

Еуразиялық медиа форум барысында бірқатар шеберлік сабактары ұйымдастырылды. Әсіресе, «Журналистикадағы әйел тақырыбы» атты семинар көпшілікті қызықтырылды. Мұны Chaim for Change веб-платформасының жауапты редакторы Мариэнн Перл (Франция) жүргізді. «Ақыл-ой мен жан-дүние үшін күрес. XXI ғасырдағы ақпараттық қақтығыстың ерекшелігі. БАҚтың бейбітшілік орнату мен жанжал туғызудағы рөлі» тақырыбындағы мәжілісте де аса өзекті мәселелер қозғалды. Мұнда ТАСС бас директорының бірінші орынбасары Михаил Гусман (Ресей), Bloomberg медиакомпаниясының атқарушы продюсері Todd Баер (АҚШ), Chaim for Change веб-платформасының жауапты редакторы Мариэнн Перл (Франция), «Сколково» қорының вице-президенті Александра Барщевская (Ресей), Түркия премьер-министрі кеңессі баспа және ақпарат бас басқармасының жетекшісі Синан Күрүн, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Нұрлан Ермекбаев сөз сөйлеп, ақпараттық кеңістікте болып жатқан түрлі жағдаяттар төнірегінде өз ойларын ортаға салды.

Кеше форум жұмысына қатысқан ҚР Сыртқы істер министрі Ерлан Ыдырысов Еуропа мен Қазақстан қарым-қатынасы жөнінде пікірін айтты.

## **ЭКСПО ҚАЛАШЫҒЫНДА БАС ҚОСАДЫ**

Үш күнге созылған алқалы басқосуды ҚР Премьер-министрінің орынбасары Дариға Назарбаева түйіндейді. Келесі, XIV Еуразия медиа форумы 2017 жылдың 22-23 маусымында Астанада өтетінін жариялаған ол форум

ЭКСПО көрмесінің аумағында өтетінін хабарлады.

Форум аяқталған соң қонақтар құрылсызы жүріп жатқан халықаралық көрме алаңын өз көздерімен барып көрді. Мұнымен қоса, Астананың көрікті жерлерін аралады.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**